

◆ КЕМЕЛ ТОҚАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

Жаратушының пәрменімен тарих доңғалағы оқырман өмір сүрген дәуірді шығарма авторы заманымен жанаса, тіпті қабыса өтетін шытырман жолға бұрар болса, оның шығармашылығындағы шындықтар өзгеше жаңғырып, қуат алатыны ақиқат. Өйткені дәуір және оның проблемалары ұқсас қой. Кемел аға Тоқаев шығармаларын араға біраз уақыт

қарсы алды. Столға жайғасып, кең түрде әңгімелестік. Өзбекстанда қанша казак тұрады, газет-журналдар шыға ма? Қанша мектептер бар деп оймді сұрақ астына алды. Мен өзім білетін цифрларды айтып шықтым. Ағамыз қуанып қалды. Мен де Қазақстаннан ақын-жазушылардың, өнер адамдарының сирек келетінін айттым. Сөз арасын-

Кемел аға мен Төкен Әлімқұл асықпай, саспай бірімен бірі аңдысып жүріп ойнайтын. Сондай кезде қызығына қарап отырған Ғабит Мүсірепов: “Кемел, сен анау Сталинградта немістерді қандай қиялап атсан, бильярд тасын да сондай қылып ат. Жайлап тұртып қаласын, кейде түссе, кейде торға түспей қалады. Осы сен бар жұмысты үндемей жүріп бітіретінін мені тәпті қылады” дейтін еді.

Сондай күндердің бірінде Кемел ағайдың үйіндегі жеңгеміз артынып-тартынып жетті. Бұрын өздері келісіп қойғандай, олар Ғабит аға бастаған жазушыларға дәм-түз татқызу болса керек. Кемел аға маған: “жеңгене дастарқан жаюға көмектес, мен мына партияны ойнап болған соң барармын” – деді. Мен жасы кішкіл

салып, қайта парақтар болсаңыз, оның бұрын сіз байқай қоймаған, не кезінде бәлендей мән бермеген қырлар ашылып, бейне бір жаңа, тың туындымен сырласып отырғандай күй кешетініңіз ақиқат. Әлбетте, қаламгер өзі өмір сүрген, сүріп отырған қоғам ақиқатына ой боилатып, оны өзінің талант биігінен, дүниетанымдық ерекшеліктері тұрғысынан бейнелейді.

Кемел ағаның шығармалары көлемі жағынан көп емес, әрине. Бірақ ойлана оқыған адамға, бай-кедей бол, элита-тобыр болып жіктелген қоғамда өмір сүретін оқырманға айтары, аңғартары мол-ақ. Кемел аға қазақ прозасының детектив жанрындағы дара тұлға. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ ССР Ішкі істер министрлігі кеңес милициясы мен чекістерге арналған шығармаларға бөйге жариялағанда бірінші бөйгені қатарынан төрт рет алып қайран қалдырған лауреатты ол кезде білмейтін адам, оқушы кемдем еді. Детектив жанрына шеберленіп алған жазушының “Түнде атылған оқ”, “Қастандық”, “Арнаулы тапсырма”, “Көмескі із”, “Сарғабанда болған оқиға”, “Соңғы соққы” сияқты әңгімелері мен повестері, “Солдат соғысқа кетті” романы қазақ оқушыларының қызығыл оқитын шығармаларына айналып кеткен болатын.

Алыс, жақын шет елдегі қазақ оқырмандарының жазушы ағамыз Кемел Тоқаевтың кітаптарын іздеп жүріп оқитынын көзбен көрген адаммын. Оның кітаптары кітап сөрелерінде шаң қауып жатпай тез арада өтіп кететіндігінен баспа орындарының пайда табу үшін өлденеше рет қайта шығарғанын да жақсы білеміз.

Кемел аға Ұлы Отан соғысында тарихтың ең ауыр жүгін арқалап, қазақтың абырой-данқын аспанға шығарған жауынгер жазушы. Ортадан жоғары бойы бар, қапсағай денелі, толқынды қою кара шашын тік құлата тарап сәнді кинетін, ешкімге даусын көтеріп сөйлемейтін, өте ұстамды, сабырлы, күле сөйлесетін адам еді. Әрбір сөзі жинақы, артық сөзге бармайтын, біреуді біреуге жамандау, сыртынан даптау дегенге атымен жоқ еді.

Кемел ағамен мен 1980 жылы Ташкент қаласында таныстым. Өзінің бір іссапарымен келген болатын. Ол кезде мен “Сельская Правда” газетінің тілшісі едім. Қаламдас достарым “Ниязи, Ниязми атындағы пединститутында студент, оқытушылармен Қазақстаннан келген, детектив жанрында жазатын Кемел Тоқаевпен кездесу болады екен, қолын бос болса, келмейсін бе?” деп қонырау соқты. Ертеңгі шығатын газеттің материалдарын тез дайындап бердім де кездесуге кеттім.

Пединституттың залы ықпал толы, ине шаншар жер жоқ. Кездесу басталып кеткен, әдеміше келген жазушы ағамыз, өзінің өмір жолдарын, творчествосы жайлы сөйлеп тұр. Сталинградта соғыста болғанын, көз алдында жауынгер достарының оққа ұшып жатқанын, өлім мен өмірді көзімен көріп, содан “Солдат соғысқа кетті” романын жазғанын қызығалықты етіп оқушы қауымға жеткізді.

Кездесу бітті. Қазақтың, өзбектің ең сұлу қыздары Ташкенттің райхан гүлдерін ұсынып жатты. Студенттермен оқытушы қауым орталарына алып босатар емес. Бір есебін тауып, Кемел ағаға күәлігімізді көрсетіп, оңаша кездесуге ұсыныс жасадым. Ағамыз бүгін қолы тимейтінін айтып ертең сағат онда “Ташкент” қонақүйінде кездесетін болып келістік.

Кешке үйге келдім де ертең жазушы ағамызға қонақасы беру туралы ұсынысымды айттым. Жануар қуана келісті. Ертеңіне белгіленген уақытта “Ташкент” қонақүйінің №316 бөлмесінің есігін қақтық. “Кіріңіз” деген ағамыздың дауысы шықты. “Ассалаумағалейкүм!” деп ішке ендім. Үстінде көкшіл спорттық костюмі, күле шырай беріп

да: “Кемел аға, кешірсіз. Келіңіз екеуіміз сыртыңыздан билік жасап қойдық. Дәм-тұзға шақыруға келіп отырмын. Қай уақытта қолыңыз бос болады, сол уақытта біз дайынбыз” дедім. “Қарағым-ау, ертең елге, Алматыға қайтуым керек, уақыт тығыз ғой” деп Кемел аға қысылды. “Онда кешкісін уақыт табыңыз. Келіңізге не деп барам, сөзім өтпейді кін бе? Онда әйел алдында кім болғанын?” деп мен де қоймай жатырмын. Кемел аға рахаттана күлді де “кешкі сағат 9 бола ма?” деді. Мен түнгі сағат 12-де де болады, аға, біз дайынбыз” деп шығым кеттім.

Ертеңіне бәрі де отбасымен біздің үйге жиналды. Айтқан уақытында Кемел аға да келді. Өзбекстан қазақтарының сәлті бойынша, менің жұбайым және басқа да қазақтың келіндері іліп сәлем берді. Көпті көрген аға “бақыты болындар!” деп төрге, өзіне арналған орынға отырды. Дастарқан басындағы асаба, профессор, сөз зергері Қыдырәлі Саттаров Кемел ағаға сөз кезегін бергенде жиналғандар сөзін бөлмей ұйып тыңдалы.

– Үлкен-кіші бауырларым, біздер ата-мекендеріңіз Қазақстанда жасап жатсақ та сіздерді жүрегіміздің төрінде мәңгі сақтап жүреміз. Сіздер аман-есен жүрсе екен деп тілейміз, өз елінен жырақта жүрген адамның жүрегі жаралы екенін жақсы білеміз. Бөлкім қолайлы уақыт та тауар, атамекенге де атысың бұрарсыздар. Қазақстанның сіздерге құшағы мәңгі ашық. Арман-тілектеріңізді қаламдас достарыма жеткізіп барамын, олар да қазақ бауырларымын жиі-жиі кездесуге құштар, өз ойларын ортаға салып, бөлісері анық, – деген еді сонда ағамыз тебіреніп. Кемел аға осылайша Ташкент қазақтарының ықпалас-ниетіне, өні мен жырына, жарасымды өзіндеріне риза болып аттанып еді. Сол сапарында ақ ниет батасын беріп, бір іні, шәкірт таптым деген қуанышын да жасырған жоқ.

Кемел ағамен 1984 жылдың мамыр айында Қазақстан Жазушылар одағының творчестволық үйінде тағы да кездестім. Творчестволық үйдің үшінші қабатында демалып, өз ойларын қағазға түсіріп жатты. Төменгі қабатта асхана, бильярд ойнайтын зал болатын. Танертенгі, түскі, кешкі асқа бірге барамыз, оның үстіне ауқаттанатын столымыз да бір болды.

– Желгі Грецияда соқыр ақын Гомерді бүкіл грек жұртының тәрбиешісі деп атаған, ал бізде – қазақта Гомер сияқты кім бар? Кімді қазақ халқының тәрбиешісі деп атай аламыз? – дедім әңгіме барысында. Сонда Кемел аға әдемі жымнып, салмақтана бойын тіктеп отырып тіл қатты:

– Абай ше! Саған Абай аз ба? Ол аз болса, Мұхтар Әуезовті қосыңыз, – деді.

Мен сол әл-Фараби атындағы творчество үйінде Социалистік Еңбек Ері, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит ағамен бірге қазақтың майталман сөз шеберлері Әбділді Тәжібаев, Тахауи Ақтанов, Төкен Әлімқұлов, Кемел Тоқаев, Оралхан Бөкеев, Морис Симашко және Сафуан аға Шаймерденов, Шерхан Мұртаза, Әкім Тарази, Кәбілші Жүмәділов, Сәкен Жүнісов, Асқар Сүлейменов, Софы Смағәев, Исраил Сапарбай, Мұхтар Шаханов, Аян Нысаналин, Ұзақбай Доспамбетов, Фариза Онгарсынова, Күләш Ахметоваларды көріп, сұхбаттастым. Неге бұларды еске алып отырмын? Аты аталған ақын-жазушылар түгелдей дерлік Ғабит Мүсірепов атындағы бильярд жарысына қатысып, сол жолы олимпиадалық жарыс басталып кеткендей әсерде болдық.

Тахауи Ахтанов пен Сафуан Шаймерденов бильярд ойнағанда қыран-топан күлкіге бататынбыз. Екі ағаның әзілі әзіл-сықақ театрынан кем емес еді.

етіп жеңгеме көмектесуге кеттім. Жеңгеміз толықша, әдемі келген, орынсыз сөйлемейтін адам екен, табиғаты Кемел ағаның мінезіне сай еді.

Ташкентте менгерген өнерімді салдым. Қазы-қартан әдемілеп кесіп, етті өзбекшелеп турадым, басқа да жеміс-жидекті орны-орнымен қойып шықтым. “Қайным, ағана тағы да баршы, ол асықпайтын адам, мен барып шақырайын десем Ғабит аға отыр, келіндік ибаны сақтауым керек” – дейді жеңгеміз. Ішімнен “пай-пай, қазақтың келіндері-ай!” – дегенді айтатыным оңайда.

Кемел ағаға барған кезімде ойын да аяқталып, Кемел аға ұтып, Ғабит ағадан мақтау алып жатыр екен. Сезімтал Кемел аға менің барғанымды сезді де Ғабит ағаға: “Келіңіз сізге арнап дастарқан жайып жатыр, дәм-түз татыңыз, Ғабит аға”, – деді. “Бәрекелді, келіңіз дәм-түзге шақырса неге бармаймыз, барамыз. Кемел, сен мына жігіттерге айттын ба? Бәріне түгел айт, келің, келіңіздің тәтті тағамынан ауыз тисін” деді Ғабит аға. Сол жерде Кемел аға бәріне айтты. Жазушылар үйіндегі кең дастарқан басына үлкен-кішіміз жиналды. Мен қызмет жасап, коньяк, шараптарды бокалдарға құйдым.

Ғабит аға бокалын ұстап отырып, әдемі сөзін дастарқан іелеріне арнады: “Кемел, сен нағыз өмірдің ашы-тұшысын да, өлім мен өмірді де, жақсы мен жаманды да көрген інімін. Парасат пен адамгершілігін бір басқа да, қазақ әдебиетіндегі детектив жанрындағы алар орын бір бөлек. Сен келешек детектив жанрының көсемі, басшысы боларына көміл сенем. Келің, айналайын, жазушы адамға жар болу азыптың азабы, оны шынайы махаббат иелері жеңе алады. Көркіне ақылың сай келіңсің. Біздей ағаларыңа, мына отырған қайындарыңа қызмет жасаудан шаршама, үрім-бұтағыңның қызығын Кемелжанмен бірге көруге жазсын. Баршаларының творчестволарын шарықтап, Қажымұқаннан денсаулығын берсін” деп тост көтергізді.

Ғабит ағаның алдына қойылған қойдын басына бәріміз де көз тігіп отырмыз, ондағы ойымыз үлкен ағаның қолынан дәм тату. Ағамыз асықпай, саспай, сабырлы кербез кейіпмен өткір пышақпен бастың оң құлағын кесіп: “Әй, Кемелдің інісі Назым Ниязи, өзбек балаға” деп маған ұсынды. Мен үлкен сыйды жақсылыққа бағалап жеп қойдым. Бастан жұрттың бәріне ауыз тигізді. Тамаша отырыс болып, әзіл-күлкіге кенеліп отырып едік.

Сол күндері өзіммен бір болған қазақтың ақын-жазушыларына ризамын. Олардың ақыл-ойларының тереңдігін, қадір-қасиетін кейін түсіндім. Көзіңді тірі кезінде Ғабит ағаны құрметтеп, сый-құрмет көрсеткендерін үлкен адамгершілік, парасаттылық деп қараймын. Сөз зергерін, алып кеменгерін сыйлаған екен-ау!

Жетісу өңірі адамгершіліктің інісі жұпар аңқыған өлке. Мұнда Балпық би, Жолбарыс би, Ескелді батыр, XX ғасырдың данышпаны Димаш аға Қонаев, ертең 80-жастық тойын өткізетін деп отырған Кемел Тоқаев өткен. Кемел Тоқаевтың тоны тек қана Талдықорған өңірі емес, інісі қазақтың тоны. Тоң тойларға ұлассын, о садаған кететін аймаңдаңдарым! Бабаларыңның өнегелі өмірі бізге мәңгі сабақ болып қала берсін! Рухы сіздермен бірге жасап, жақсылық өкелсін. Кемел ағаның жұртына Ташкенттен сәлем. Тойда көрсейік!

Назым НИЯЗИ,
Өзбекстан, Қазақстан
Журналистер одақтарының мүшесі, сыныш.

ЖҮМЫР ЖЕР

Шварценеггер – губернатор

Америкада тағы да сенсация. Көпшілік осы жаңалықты күткен де еді, өйткенімен тамаша оқиғаға ұласты. Сөйтіп, АҚШ-тағы ең бай штат - Калифорнияның губернаторы болып Арнольд Шварценеггер сайланды.

“Терминаторға” қарсыластарын қағып түсу қиынға түскен жоқ. Аяқ астынан оның сексуальдык “жорықтарына” қатысты білдірілген айыптаулар да сабын секілді езіліп кете барды. Сонау бір уақытта Гитлерді мақтаған сұхбаты да алдына тосқауыл бола алмады.

Калифорниядағы губернатор сайлауларының нәтижесінде ол жеңіске жетті. Мұндағы заңға сәйкес, штаттың губернаторы болу үшін қарсыластарынан бір дауыс артық алса да жетіп жатыр. Ол демократ Бустамантенден бақандай 16 пайызға озық шықты. “Терминатор” сайлау алдында уәде бергеніндей, қарсыластарын жеңіп қана қойған жоқ, тас-талқанын шығарды.

Оның қарсыластарының бірі штаттың осыған дейінгі губернаторы болып келген Девис тіпті көпшіліктің күткендегісінен де төмен дауыс алды.

Жалпы АҚШ-та әртістерді басшылыққа өткізу жаңалық емес. Рейганды мысалға алсаңыз да жетіп жатыр. Қазір Шварценеггерді келешек ел президенті деген әңгіме де естіліп қалауда. Ал бұл әңгіме Бушка ұнамайтын секілді. Сондықтан да ол сайлаудың барысын қадағаламастан ұйықтап қалыпты. Тіпті Буштың командасындағылардың бірқатары Арнольдтың жеңісін қалапты. Сөйтіп, демократиялық штатта республикашыл губернатор билікті алды. 2004 жылғы сайлауға Джордж Буштың қарсыластына айналатындығы қазірдің өзінде шындыққа ұласқан. Ең бастысы, ешқандай бойында кемшілік жоқ. Жапқан жалалары көбіне төмен етектерге қатысты болып еді. Онысының өзі негізсіз қалғанға ұқсайды.



Суретте: губернатор Арнольд Шварценеггерді әйелі Мария құттықтап тұр.

Арафаттың жүрегі сырқат

Ясир Арафаттың жүрегі жеңіл түрде ұстап қалған. Оның жасы 74-те. Өткен аптада телеэкранға да шықпай қойған. Түрі сұрланып, сөздері де анық естілмейті сонғы бір хабарда. Палестиндік бұқарат ақпарат құралдары мұны Арафаттың суық тиіп сырқаттануымен байланыстырды. Қалай десек те, израильдіктердің Арафатты өлтіреміз деп қокан-лоқы жасауы оның денсаулығына әсер етпей қойсын ба?

Абақтыдан босатылды

Кезіндегі тәліптер үкіметінің жоғары шенді өкілі 2001 жылы тұтқындалған еді, жуырда абақтыдан шықты. Муттавақиль өз уақытында ауғандық тәліптер үкіметінің сыртқы істер министрі болған еді. АҚШ-тың Ауғанстандағы әскери өкімшілігі экс-министрді өздерінің мүдделеріне орай бостандыққа шығарған секілді.

Денсаулыққа зиян

Украина Денсаулық сақтау министрлігінің арнайы комиссиясы Львов облысында тұрғындардың жаппай сырқаттануы осындағы полигонда украиндық-италиандық әскерилердің жүргізген жаттығуының салдары деп түсіндіруде. Жүкпалы ауру НАТО тарапынан келген секілді. Одан 400 азамат жапа шеккен. Бұлардың 338 -і балалар. Ал әскерилер болса бұл жаттығудың тез өрбіген жүкпалы ауруға ешқандай қатысы жоқ деп дәлелдеп бағуда. Өйткенімен, көпшіліктің үні жоғарыға жетті. Жаттығу алаңындағы атыс-шабыстар дереу тоқтатылды.

Министр қызметінен кетті

Португалияның сыртқы істер министрі Круш өз өтінішімен қызметтен кетті. Мұның себебі, оның қызы университеттің медицина факультетіне білім беру министрінің жәрдемімен оқуға түсіпті. Осы тұрарында әңгіме қозғалғанда білім министрі Линси мұны мойындапты. Дереве жұмыстан кетіпті. Оның үлгісін сыртқы істер министрі де алған екен. “Бұл арада менің ешқандай кінәм жоқ, ешкімнен көмек те сұрамадым. Бірақ оқиғаның осылайша өрбуі менің лауазымдық болмысыма көленкесін түсіреді. Сондықтан да осындай шешімге келген едім” депті ол журналистерге берген сұхбатында.